

Ерғанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Сағынышбасқан



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ

Сағынышбасқан

Өлеңдер

АЛМАТЫ
2022

ӘОЖ
КБЖ
К

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрiдi
«Мәдениет және спорт саласындағы бәсекегестiкiнi
жетексiздету, қажықстандық мәдени мұралы сақтау, зерделеу
мен насихаттау және артың ісiнiң іске асырылуы тиiмдiлiгiн
арттыру» бағдарламасы «iдбиенiң эстетикалық маңызы
түрлерiн сатып алу, басып шығару және тарату» кiшi
бағдарламасы бойынша жарық кiрдi*

Кенесбеқұлы Е.

К Сағынышбақан: Олаңдар / Ерқанат Кенес-
беқұлы. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 96 б.

ISBN

Ерқанат Кенесбеқұлының «Сағынышбақан» атты кітабына өзектерді өлеңдері енгізіліп отыр.

Ақын шығармаларында адам – қалам – заман ұлттығының қары мен сыры санығытылып, оқырманның қосын шенім жасауына, өзінше түйін тұжырауына мүмкіншілік береді.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© ЖШС РПБК «Дәуір», 2022

Ақын бағам, Еркентем

Менің «Көзім көрседік фәкесі менен
фәйсаһымыз» атты өлеңіміз кітабымыз фәкесі
менің Әлдірменің фәкесіміз аттымен.

Көзім көрсендері қарат үйің көзімі фәкесі
менің фәкесіміз менің фәкесіміз.

Менімен көрсә, өз фәкесімізді қаратты
үйіміз өлеңіміз, аттымен.


«Мені көрсендерің үйіміз көзі...»

менің фәкесіміз менің фәкесіміз
қаратты өлеңіміз аттымен.

Ең көзімі менің фәкесіміз...

Мұстафар ӘЛІМБАЙ,
Қазақстанның Халық жазушысы

1999 жыл.



I ЖЕЛІ

— II —

* * *

Зымыран уақыт
Зулайды, ғажап!
Сабылыс жерде,
Сабылыста аспан.
Қожырап бақыт,
Абыныста азап.
Демікпе жанды
Сағыныш басқан.

Мұндайда мүлдем,
Мүмкін бе күту,
Жанығыс елден,
Жанығыс достан.
Айналам толған
Быту мен шыту,
Әлемді мынау
Сағыныш басқан.

Дүрлігістерден,
Сүрлігістерден,



Байқасам тірлік
Сабыры қашқан.
Өлеңге орап
Уата алам ба,
Қара жерді мен
Сағыныш басқан?..

* * *

Жағаласып, алыспасам теліммен,
Сәл сырғысам шыққан мынау төрімнен.
Жыртындауын қойса, бәлкім, көрінген,
Адамға ұқсап өмір кешер едім мен.

Тұсым болса сәлдеу ғана шегінген,
Мәмілеге келе алсам жебірмен,
Тіл табыссам кеуделімен, керіммен,
Адам сынды өмір сүрер едім мен.

Серік тауып алмағанда сезімнен,
Селкеулікте жұтынбасам сенімнен,
Таусызмаста аспасам бір шегімнен,
Адамша бір өмір сүрер едім мен.



Намысымды ауыздықтап тебінген,
Жырымды іздеп кетпегенде өмірден.
Көздер жасын көрмегенде төгілген,
Адам сынды тірлік етер едім мен.

ТҮЙСІНУ


Тағдырыма таңырқадым бүгін мен,
Ол да мендей ұсқынсыз...
hәм әдемі!..

Бір қуанып, миллион рет түнілген,
Міне, осындай ақындардың әлемі!

Мынау елге жақпай қойды мінезім,
Болсам-дағы жомарт әрі мәрт көніл.
Дүннеден дәметпейтін үлесін –
Ақындықты түсінбейді шалт өмір

Жұмыр басым жарылғалы жүр менің,
Жығылмасым бесенеден белгілі.
Алқымыма жармасады кім менің,
Оны тірлік көрсетеді ендігі.

Келген шығар ірілерге ұксағым...
Жұрттан сұрап таба алмадым жауабын.



Алыстағы сауалымның тұспалын,
Ғарыштағы ағалардан табармын.

Теріс қарап тыр жалаңаш жалғаннан,
Бәріне де бір сілтедім қолымды.
Ешбір адам арман қылмас арманнан,
Тапқан дұрыс жолымды!

БЕСІК

Тұр әне бесігім,
Әлдімен тербеліп.
Ашқан жан өмірдің есігін,
Шығады күні ертең терге нық.
Мөлдірей жанары,
Кезеді қияны сенімі.
Тағдыры – домбыра сағағы,
Ал өзі әуеннің көрігі.
Байлап ап періште қанатын,
Ұшады, талмайды сәтке анық.
Кезі жоқ шаршайтын, талатын,
Суыққа бір тонып,
Ыстыққа қақталып,



Ойламай шағын да қонатын,
Ақтарып тондардың қабатын,
Жүргенде осылай масайрап
соғады сағатың!
Ей, біздің тым жұмбақ өмір-ай!
Тербелген бесікке ұқсаған. .
Жетілсек кетеміз,
Айналып жыртқышқа күстабан.
Ойламай өлімнің нақтығын,
Жүргеннен бол енді сақ бүгін.
Тәнірім екі айтпас әмірін!
Сондықтан бесікті аяла,
Құрметте аруақтар кабірін!

ҚҰРМЕУ

Кірпігімнен сырғиды күндер үнсіз,
Кірпің көңіл – бір мұнды, бірде мұнсыз.

Тас жолдағы тас үйдің тұрғыны боп,
Сан мамырды өткердім гүл керімсіз.

Бұл манайла атамның үйі де жоқ,
Жаба салар есігін ілгеріңсіз.



...Басқа біткен жазмышты жазғырамыз,
Тасқа біткен аршадай дінгегінсіз.

P.S. Даладағы көктемнің жөні бөлек,
Қаладағы көктемдер тым көңілсіз...

САҒЫНЫШБАСҚАН

Менсінбей жүріп шағын қаланы,
Үрпек сезімнің дамылдағаны...

Дір етер сәлге, қайран да қайран,
Жүректің ғана қабылдағаны...

Өлеңдерімді өшіріп алса,
Сағынышбасқан әнім қалады.

Көксереді күннің қасында жүріп,
Әзе-е-ер дегенде жаным қалады.

Танқалғандарым – жалырақ жырлар,
Аңғал арманым орындалады!



ТІЕК

Барша әлемнің қасіреті көзінде,
Жасы жуган қарашығы түп-тұнық.
Балалықпен бақұлдасқан кешімде,
ұзатылған көктем жүр...

Әзіз анам тым мейірман болса да,
Кезі жоқ ед(і), орынсызға тасынған.
Омырауының иісін сезсем тамсава
қабірінің басынан...

Солай, солай, енді саған не дейін...
Шұғылаға көмкерілген кеңістік,
Жазылмаған жырларыма көмейін,
сезімдерді ең ыстық.

Жегі құрттар жесе-дағы жанымды,
Сұлулыққа сан мәрте бас иген боп.
Содан бері аласұрып кәдімгі
ешкімді де сүйгем жоқ.

Сағынышка сліктеген құрдан-құр,
Сол дәуреннің біле-білсен назы ізгі.
Мандайыма сыймай кеткен бір тағдыр,
жанарымда жазулы.




* * *

Өзінді іздеп ем,
көріпбедім..
Сондықтан да сағыныш шегіндемін.
Еске түсіп нәркес бір қарағанын,
және үнсіз егілгенін.

Атырау, сылқ-сылқ ағар ерке Жайық,
Мөл-мөлдір мезеттерді еске алайық.
Сен мені сағындың ба, шынынды айтшы?
бақыттан кеш қалмайық...

Мен сені сағындым ғой,
өрте мені!
Бір жұлдыз аспан жақтан еркеледі.
Күлкіне жымнысын балап бактым,
сол сәттер ертегі еді.

Тұншықты жүрегімде сәби арман,
Есімде жәудір жанар қатты ұялған.
Енді оны көремін бе, көрмеймін бе,
шіркін-ай, фәни жалған...




* * *

Кеудесінде құндақталған намысы,
Көкірегінде ұжмақ күндер, таң ісі.
Сендік жүрек жүрек емес кәдімгі –
Үілдеген нәрестенің дауысы ..

Жанарымды шарпығанда от демін,
Көкорайға тұна қалар көктемім.
Кеше ғана тек кесені сүйетін,
Оймақ ернің дымқыл тартты көп-көрім

Мен де саған сезімімді ұрлаттым,
Сен де маған сәл назданып тіл қаттың.
Кірпігіңнен кілт үзілген жасты кеп,
Сүйіп алып тандайымда құрғаттым.

Нәзік қана керіліп қап қабағың,
Күрсіндін де жымыя кеп қарадың.
Қорғаның боп қорғай алсам жарады,
Құралайдан аумап қалған, қарағым.



* * *

Жүрегім тегіп тынды,
Өзіне сыйға бір ән.
Ит ермек жолықтырды,
Интернет дидарынан.

Тәрк етіп өмірді бұл,
Болған ед(і) қамқоры дүр.
Аузынан төгіліп бір,
Ұжмақтық алхоры гүл.

Қалтырақ дүниеде,
Адасқақ тағдырымыз.
Арманның құлы болған,
Жалғанның жалғызымыз.

Мен үшін киелісің!
Күйзеліп торықпа еш.
Сұлуды сүйгені үшін,
Ақындар жазықты емес.

Жанынан үзген күдер,
Сөзге анық иланбасы.
Өлеңді өртеп жібер,
Тек қана қиналмашы...



II ЖЕЛІ


* * *

Хал қалай, жадымдағы нәп-нәзік гүл?
Тұрсаңшы хабарласып, хат жазып бір.
Жүдеген жалғыздықтан есіл жаным,
Шалғайда қалып қойған нақ казык құр.

Қашқан ба қаснеті қаламымның,
Тамбайды неге жасы жанарымның.
Жүрміз-ау ұятты бол кара жерге,
Астында күңіренген табанынның.

Шарк ұрып қайран шабыт шартарапқа,
Ақтармай айдай сырды ақ паракка
Жүрміз біз, жүрек қалай шыдай бермек,
Езіліп ұнжырғасы тар камақта.

Мұнайған жапындағы ерке елігім,
Жарасар қайда қалған еркелігің?
Қал кеткен екеумізден лағыл жырдың,
Жоллары жүрегімді өртеді мын.



Ызғарда қауыз жарған қызғалдағым,
Қалды ма аласарып ізгі арманың?
Жоқ, әлде аластырып жіберді ме,
Жаныңды қалтыратқан күзгі орманың?
Ызғарда қауыз жарған қызғалдағым...


АЛХОРЫ ҚЫЗ

Түсіме еніп сен бүгін мына менің,
Наздана кеп халімді сұрап едің.
Мен бақытқа жеткендей шаттаныппын,
Болмысыңды көргенге бұла, керім

Неге екені белгісіз..
шуақ тағы,
Жанды қарып бір мезет шыдатпады.
Ал, соңында ғайып боп кете бардың,
Алхорыға айналып жұмақтағы.

Неге сонша жүректі азалтадың?!
Мың-сан торға камалды азат халым.
Алақанда аялап өтер едім,
Айналдырып тағдырды ғажапқа мың.

Сұлулыққа тамсанып қанасың ба,
Табиғатпен беленген жарасымға.



Көз жасыма гүлдеген алхоры кыз,
Нөсөр ұлды ұмытып барасың да


Гүл ғұмырға ұксап бір тез де өшерміз,
(сезсең егер, өзге мұң, өзге шерміз).
Алхоры гүл түсіме жиі еніп жүр,
Бақта, бәлкім, бейіштiң кездесерміз...

* * *

Күлкісін жайып сыр бақтан,
Гүлзарға баяу тындатты ән.
Жанарын күнге төңкеріп,
Шашына тәж ғып гүл таккам.

Шашына тәж ғып гүл таккам,
Еркелей ол да тіл қатқан.
Елжірей өбіп самал жел,
Аялап сені тұрмак маң

Мөлдіреп сол сәт тұрды аспан,
Көкпенен кез көп сырласқан.
Қыз қайын жайып сыбырын,
Жаныңмен тылсым мұңдасқан.



Босағандай бір кундақтан,
Жүректі қысты жыр батпан.
Көз жасың – кәусар өлеңім.
Өлеңнен ола кім тапқан...

Кофе демдеп берші...

БАҚЫТТЫ БОЛ, АДАМЗАТ!

Студентпіз.
Ол кезде көктем еді,
Сол көктемде сан терек көктемеді...
Бізбен бірге бір жігіт оқыған-ды,
Қыздар оны кашанда бек көреді.

Бірбеткей-тін.
Тік сөйлер тілі бар-ды,
Жігері де құлатар түбі нарды.
Нәзіктілер үздігіп жүруші еді,
Меңзегендей қылымсып «үзіп ал» ды.

Оның басын қай «сайтан» арбамады,
Түсуге бар топырлап торға бәрі.
Күн ашықта найзағай ойнап берді,
Қарапайым қыз екен таңдағаны.



Сүйреңдескен еріндер дамылдамай,
Сылсын сөзді күн естіп, қабылдады ай.
Бірақ, жігіт қынбады біріне де,
Бақытты-тын ол осы жалынға арай

P.S.

«Тағдыр маған ауыр сын тағыпты» деп,
Кінәлаймыз бәріміз уақытты көп.
Көрсекызар көңілге дәуа бар ма,
Жүрейікші адамға бақыт тілеп!

ЗӘМ. ЗӘМ

Зәм!

Зәм!

Жүрегімді ерітті кім?..

Тобылғыдай беріктігім!

Зәм - зәм.

Адамдармен сынга түсу,
ғаламшармен үн катысу...

Зәм. Зәм.


Сұлудығы жанарыңды қарыған.

Планета: бір есімі – Мағжан!

Зәм. Зәм!




Беу, жайдарман, жайдарман:
нәрестенің кіндігіне байланған,
Текеметтің суретіне айналған,
бассыздардың маңдайынан бөйгі алған!
Зәм Зәм.
Қарғымак кім тағдырынан азулы?!
Оқысын да!
Арғымақтың көзіндегі жазуды!
Зәм. Зәм!
Әуел баста бекінгенмен өлмекке,
бірте-бірте айналдым-ау өрнекке
Зәм Зәм
Қара қасқа кеңістік-ай. Мағмұр.
Қара тасқа сыр жасырдым тағы бір
Зәм Зәм.
Тысқарыға ұмтылғанмен сағына,
іш жағына сіңіреді Қағба!
Алла!
Зәм-зәм – дыбыс еске салды Алланы.
Дирижердің қолындағы қаламы.
Зәм...
Зәм




МИСТИКА

Түсім де емес,
өнім де емес.
Екеуінің тоғысы —
жер мен көктін арасы
Сегіз бейіш қаласы...
Сол шәріптің ішінен көрінеді
бір Ақынның карасы.
... Музейі екен Мағжанның...
Тұңғыш рет
Һәм соңғы рет таңқалдым!
Жарқыраған шамдардың
сәулесіне шағылысқан
айна барын аңғардым.
Қарап едім айнаға, —
арғы жағы — айдала!
Қалың-қалың арасынан бұлттардың,
Анық басып жай ғана...
Қасым маған қарады:
қабак керіп ойлана!
Ар жағында — Жүмекен.
Жұматай бар,
Жұбан ағам... өлген әрі тірі екен!
Жейдесінің жағасына кір түспей,
Ең сонында Артығали тұр екен...
Ақындардың армиясы!



Міне, осыны көріп қалып айнадан:
(Әу басында онша сене қоймағам),
оң жағыма бұрылып ем:
Тарихтағы тұғырым ең.
Отсыз қайнап тұр екенсің Тайказан!
Іле-шала жанұшырып,
Қайратымның сағы сынып,
Хан Кененін басын іздеп,
Күлтегінің тасын іздеп!
Сорпа ішінен – зор күшіммен
тауып аппын Нарқобыз!
Мын жылдықтың арасынан,
алакөздің табасынан
жасырғым кел...
Соңғы қалған дүннемдей,
алар дейсің кім немдей,
Мұражайдан сыртқа аттап,
тысқа шықсам, тұр екен бір
аспан жақтан Сырттан ұлып
Дір еге қап!
Көзімді ашсам,
Жерұйығым екен деймін:
Бұл дүннеде өзім қашқан




БҮЛ КҮНДЕ

Сен де жалғыз, бұл күнде мен де жалғыз.
Бір мұң сыйлап кетелі керсағал күз.
Көзден аққан жасыңның құны қанша?
Елге көктем сыйлайтын кермарал қыз.

Сен де шерлі,
бұл күнде мен де шерлі
Елік жүрек қайыспас ерге сенді
Сен де іздейсін ол күнді, мен де іздеймін.
Іздегенің алдыңнан келмес енді...

Сен де мұңлы,
бұл күнде мен де мұңлы.
Кекетумен келеміз келте өмірді...
Бақытыңмын мен сенің ең қайғылы
Қасіретіңсің сен менің ең көңілді...




КЕЛТЕ

Қайдасың?
Сағындың ба?
Күліп жүр ме мыықтан жаның қырда.
Санаса сан жетпейтін сауалдарға
..Шомылдырма.

...Мен саған...
серт беріп ем...
Көңілімнің ескірген дәлтерінен.
...Мөлдір өлең біреуге – сордың дәмі...
Біреуге – бак керуен!

Сол бакка бара берем...
Алакеуім шақтарда алаң-өлен ..
Жолайырық сәттердің келтесіндей
Аяқталмай қалсыншы... (аяқталмай...)
..жаралы өлен.



ШІДЕР

Шұбар ауыл.

Шұбар бел.

Шұбар дала.

Шұбар бұлттан күн күлді мұнарлана.

Шұбартауда жайылған шұбар айғыр

Шідеріне қарады күмәндана

Жетім бала әкесін сүйе алмады.

Жесір әйел әлдене қиялдады.

Тоқал тамның төріне жасырынған

есі ауысқан өмір-ай қияндағы...

Жастандырып беткейге өз тағдырын.

Жас кабірде жатқан жоқ аз тағылым

Қас қакқанша қаздыған молаларға

қасқа белден көз тігер қасқа құлын...

Ғақтан ризық тілеген жалбарынып,

Қала жаққа сүйреді жаралы үміт.

Қара базар ішінде қара қазак –

Қара қазан қалыпты аударылып...




ТҮСІНІК

Мезі болып әбден жүдеп-жададым
жалғаннан.
Түріктердің кілемінде жатамын
шалқаннан!

Киімдерін жарқыратып киемін
шетелдің.
Тілін, дінін ән мен жырын сүйемін
бетеннің.

Үш тұғырлы: қазақ, орыс, ағылшын
Тілім де.
Үшті-күйлі боп кетпесек не қылсын
Түбінде.

Түркі жұртын тамырыма балаймын
Орхоннан.
Көшедегі көшпендіге қараймын
Балқаннан...



III ЖЕЛІ

" -

АҚЫРЖАЛҒАН

Үшбұлақ,
Қасқабұлақ,
Ақбұлағым!
Құлын боп құрағыңнан тартқыладым.
Күбірге көшетін ед(і) жасыл ермен,
інірде қайшыласа ят құлағын.

Күбірге көшер еді жасыл ермен.
Ерменнің ертегісін ғасыр өрген.
Жасыл қына ентігің басылды ма?
Тарих дейтін тарғылдың тасына өлген!

Жасыл қына ентігің басылды ма?
Ауылды аңсап ақылдым аһ ұрдык, ә?
АҚЫРЖАЛҒАН алқынса алаөкпе боп
Ақындардан арзиды АҚЫРДҰҒА!

АЛҚЫНСА АЛАӨКПЕ БОП
АҚЫРЖАЛҒАН,
АҚЫРДҰҒА АРЗИДЫ
АҚЫНДАРДАН!




Тамы тозып кетсе де, үйі күйреп
Жосалының баурында атым қалған.
АҚЫРЖАЛҒАН...

* * *

Жалқы жыр.
Сүргін інір.
Окшау ғұмыр.
Сүйеді сулығыннан октаулы нұр.
Нәпірдің мөңіреген гөй-гөйінен
қала да есіне алмас тоқтауды бір...

Ал мендік сезім — тұйық.
Жүрек — кінәз.
Соны да жүрдек сағат жүдеттін аз.
Далаға тартқансың гөй білгеннен соң,
ауылға өтетінін бір реткі наз...

Жатыр әне бауырда шешей налып,
Келген бе бұрынғы шақ кеше айналып.
Өзге шаруа тірлікте қалмағандай,
От көсейіміз тұрып ап көсеуді алып.
(Кейде солай қаламыз кеш ойланым).




Құлтемірдің пернесі әлемді арбап
Жаратқан түрім осы.
Сөя енді Әруак.
Ауыдағы үй ішінде біреу отыр,
XXII ғасырға сәлем жолдап.

КҮБІР

Құшақтаса егер жердің бедері,
ұмытпас мені ұлар күн.
Отызға келіп өлгім келеді...
... сұмдық өлермен шығармын.

Кім білген бұлай тіл қатарымды
Айналдым, менін айналдым!
Көріп қап түнде үр жамалынды,
көзіне сенін байландым

Ғарышта балқып үрім қанаты,
Құлын әндерім құрақта.
БҮЛ ӨЛЕҢІМДІ СЫБЫРЛАП ОҚЫ...
...күбірлегендей құлаққа.




Ойласа бәрі естіп ойласыншы
АЙҚАЙДАН ӘЛЕМ ШАРШАҒАН!
Осы жырымды естіп қоймасыншы,
түсінбей жүрген қанша адам...

Жаулығы түннен.
Жадағай елес...
Ажалым менің (ғазалым менің) сабырлы.
Сүйемін сені!
Жоқ олай емес.
Бар егкен сені Тәңірді.

СЫБЫРЛАП ОҚЫ
СЫБЫРЛАП ОҚЫ...
ҮН-ТҮНСІЗ МЕНІҢ КӨРІКТІМ!
ФӘНИДЕ ЖАЛҒАН
СЫРЫМ ҚАЛАДЫ.
БАКИДА (С)ӨЗІМ –
СОНЫ ҰҚТЫМ.
Сыбырлап оқы.

Тсс...



ҰШАҚ ҚАНАТЫНДАҒЫ ОЙ

(экспромт)

Темірканат етіп асу арманды,
Адамзат қайтеді енді қалғанды.
Баспалдақты менсінбеген тұрғындар,
Аспан жақты уақытша жалға алды.


Ұшқыр кеме әуеге атты халықты
Сірә, ел де кара жерден жалықты,
Шүберекке түймесе де жүрегін,
Стюардесса шашын түйіп азылты.

Басым бұлттан сәл асқанда дәл казір,
Арғымақтай атойлайды арда жыр.
Жанарымнан жалған күліп қалғанда,
Қабағымнан аунап түсті он ғасыр...

Өткеніннің болмайды енді көмегі.
Мекеніміз казір бұлттың бедері.
Сүремін мен мезетімді шамалы,
Біз өмірден биіктеміз себебі.

Қас қағым сәт бесігіне бөледі.
Болар шақтың бимағлұм дерегі.
Көрімізден көрік іздеп жүргенде,
Олім бізден сырт айнала береді.
Біз өлімнен биіктеміз себебі.

*Григорий
Самалет қолды*



СОТ


Дүниенің төрт бұрышы – төрт тарап.
Тәртеуі де бықып жанған өрт-танап.
Ғарыштағы ардың соты бір бөлек,
Бұл жақта да —
ЖҮРЕГІМДІ СОТТАМАҚ!

Жанарымнан қан боп аққан мұн әлі
Есіл жаным күнәсіз
Нәм күнәлі.
Езуімді тіледі әлі есіріп!
**МЕНДІК ЖҮРЕК
СОҚҚАНЫ ҮШІН КІНӘЛІ!**

Бір райхан қыз маңдайымды суртті кеп.
Мына қоғам зәһар-зәрін бүркті кеп!
**ЖҮРЕГІМДІ
ӘЛСІН-ӘЛСІН «ӨЛТІРДІ»
ҚАЛАМЫНЫҢ ҰШЫМЕНЕН
ТҮРТКІЛЕП!**

УА, ҚҰБЫЛА ҚҰБЫЛА!
Сәл жымышы ұлына!
Асау жүрек ақырғы рет алқынып
Тағы бір рет тиді елдің **ЖЫНЫНА!**

Бір басыма үйіп-төгіп кінәні,
Мына жақтың таусылмады сұрағы!



Ардың соты коңырауын қакқанша
«ӨЛГЕН ЖҮРЕК»
ӨМІР СҮРЕ ТҰРАДЫ!

* * *

Бәрінді де танып тұрмын.
Бәрін мені жалықтырдың!
Дабыраннан әрі кетіп,
Домбыра шертіп қарық қылдым.

Бәрінді де сыйлап өтем.
Жүрегім нар сыйға бекем.
Қырсық шалса қырық күнге,
«Ененді» деп мыйға кетем.

Бәрін менің жақынымсың.
Кірмей қойды ақылым шын.
Ақылсызды қатая дәуір,
Ат үстінен атып ұрсын!

Бәрін сонша ақылдысың.
Өспей қойды ақыл тісім.
Мынауыңның есі жоқ деп,
Иесі жоқ деп жатырмысың?!



Бәрің сондай сыпайысың.
Тәртіпті екен ұдайы ісін.
Өздерін мен өзгені алдап,
Қиналмандаршы,
Құдай үшін!

Бәріңді де танып тұрмын.
Бәрің мені жалықтырдың!
Дабыраннан әрі кетіп,
Домбыра шертіп қарық қылдым.

* * *

Бал күнім жақұт құсап,
Кірбіңсіз шабытты шақ,
Ойлатпай қоймайды екен,
Оймақтай бақытты шақ.

Бал күнім шербет көніл.
Жанымды тербетті өмір
Ешкімді сағынбайды,
Есейіп ержеткен ұл.



Бал күнім алданышым.
Тап-таза танданысым
Сен иісі Адамзаттың
Шетінген арманысың.

* * *

Қала жақ.
Аспан ашық.
Шағын кеңсе.
Тіршілік бұлғаққа сан арымды өлше.
Әп-әйбәт монитордан қалқып шығып,
Жанарын жаудіретіп жаным келсе.

Қабағы –
Келіп жеткен қарлығаш мұң.
Жанары –
Жүрегі ғой қарлығаштың.
Жүрегін ..
Жүрегін айт кәусәріндей
Оңаша манвұраған таңғы бақтың.

Келеді.
Келер бір күн жаным менің...
Кеудемде күмбір қаққан әнім керім.



Келеді.
Келеді ол.
Келеді де,
атады бақытты бол таңым менің!

Еееей! Жырла!
Егілші бір ақын жүрек!
Кешіккен көктемімді шақыршы кеп!
Мен сүйем.
Сүйем оны.
Сүйіп өтем
Алғашқы рет.
Ал сосын
Ақырғы рет.

Тіршілік.
Үстел үсті.
Шағын кеңсе
Телміріп терезеден сағым көрсе...
Ой,
Кенет!
Есік ашып сәл жымнып.
Жанарын жаудіретіп жаным келсе...




АЛМАТЫ ҚАЗІР...

Алматы қазір көңілісіз шығар.
Өйткені, онда сіз барсыз
Бірақ мен жоқпын.
Жетімбұрыш та сезімсіз шығар,
Кісілері де сергек тым.

Алматы қазір...
өзгерген шығар.
Өйткені, біз де
Ешкімге бүгін сенбейміз,
Көз жазып қалар кез келген шығар,
Нұрлы кештерге шөлдейміз.

Алматы қазір...
бәденсіз шығар.
Өйткені мен де
Ажырап барам реннен.
Терек біткені сәлемсіз сынар
Сан пиғылдардан түнерген.

Алматы қазір...
жылайтын шығар
Өйткені ол да жесірдің күйін кешеді.
Бәз біреулерге ұнайтын шығар
Рандевуімен кешегі.



Алматы қазір...
аласа шығар.
Өйткені оны келімсек келіп жүдетті.
Қабак біткені «тамаша» шығар
«Қақ жарып тілген» түнекті.


*Алматы қазір... сол қалпы шығар...
... не?...*

* * *

Тәңірімнің нұры бекіп жанға нық,
тағдырыңды кертіп жедің алма ғып.
Көңіл дөнен мың сүрініп мың тұрды,
өмір деген аламанда – әл-Мәлік


Күндер атты құмға сіңген қалады із.
Қалған ізге жалтақтамай хабар үз.
Пері мөнен періштенің пейілінен,
шындық дейтін өтірік бар – әл-Әзіз.


Қым-қуытпен жеткізе алмай жанға сыр.
Алғашқысы соңғысы да – сол ғасыр.
Беріш болған жүрегімді ілезде,
шөкім сәуле жылытқанды – әл-Ғафур.



Тарпаңдығын әсте қоймас тарлан ел,
Өйткені оның рухы бекем, арманы өр.
Мен осындай һәм қағығез һәм аңғал,
жылқы жұрттың мұраты едім әл-Жәлел.

Сабыр тауып меһнат пенен төзімнен.
Тәңірімді өзім іздеп өзімнен.
Түк естілмес жалған дейтін жалғанға,
түгесілмес нұр қалдырдым көзімнен.
Түгесілемес жыр қалдырдым сезімнен!





IV ЖЕЛІ

"

ӨЛІАРА

Жнырма бесте сұлтаны едім жігіттің,
Әр кезеңнің болады-ау өз зауалы!
Екі көзім қыр соңында үміттің,
ет жүрегім баяғыша жаралы.

Мағынасыз аз ғұмырын мәңгі деп,
әрнені ансап жаңұшырды әлдекім.
Жатбауырдың жанарына жәудіреп,
кәшеде жүр қайырмасыз әндерім.

Ыстық жас боп жүзімді өртеп төгілдім,
Өлді деуге мойынсұнбай әр кеудем.
Халін сұрап келген екем Көңілдің
жаназасы шығарылып жерленген.

Аласұрып алжасты да түйсігім,
Албастының ерінінен өбем деп.
Күбірі боп естілетін күйшінің,
Күндіз түні құлақ түрем,
Өлен жоқ!



1941–1945

МӘҢГІЛІК АЛАУ...

Алауменен оймаған әнгүдік анау.
Мынау оттын демінде демігіп тұрған
Талай қыршын ғұмырдың тағдыры бар-ау!

МӘҢГІЛІК АЛАҢ...

Жексенбіде өгетін ән қылып адам.
Мәңгі бірге болуға серт беретіндер
Көздің нұрын төгеді талдырып оған.

МӘҢГІЛІК МҮСІН...

Жаһаннамнан кеп жеткен жаңғырыкпысың.
Көкзенгірді күрмейтін тас төбене кеп
Көгаршындай қонады мәңгілік құсың.

МӘҢГІЛІК КӨШЕ...

Солдаттарға кешегі зарды ұмыт десе
Қаныраған тірліктен баз кешетіндер,
Жамыраған жұлдыздай қаңғырып кесе...

МӘҢГІЛІК САНДАР...

Сандалрағы қасірет мәнді ұқсандар
Бейбіт күннің мәңгілік емес екенін —
Мәнсіз ғұмыр нелері
МӘҢГІ ҰМЫТШАҢДАР!



КӘРІ КӨКТЕМ

Бозқараған үміттер бүр жарыпты.
Жапырақтың бетінде жыр қалыпты.
Диуанаға бәрі өлең боп көрінер,
Сау адамға бұл өмір бірқалыпты.

Биші қайын қыздай боп ыргалыпты.
Ескі адырдың ескі әні тыңдалыпты
Ақын жүрек жалықпас танданудан,
Сау адамға табиғат бірқалыпты.

Ұры уақыт желкемнен ұрланыпты.
Жағасында жейдемнің кір қалыпты.
Әлем алжып баралы күякім келді,
Сау адамға айнала бірқалыпты.

Құрақ бала бұлақтан құр қалыпты
Жесір көктем жаслығ деп бұзданыпты.
Өні ғана жасарған кәрі жалған
Сау адамға бәрі де бірқалыпты!

Кешқұрым мұнша әйбәт болар ма,
көктемнің лебі ескен жалқын қыр.
Сағыныш жайлы ойға шомарда,
жарлылау сезім гой бәлкім бұл.

Аспанға назырқау білдіріп,
қара жер жымынған сынайлы.




Ақ аспан бар сырын тұр бүгіп,
биямағлұм ол бәлкім мұңайлы.

Ой, неткен көркем ед бүгін бақ,
Ой, неткен бақытты бүрлі қыр.
Тұсымнан желемік сыбырлап,
әй өстіп өтеді бұл ғұмыр...

* * *

«Сүйемін» дейміз.
«Сүйемін» дейміз.
Сүйетіндер күтуді ұмыта ма екен?
Сүйетіндер күтуді ұмыта ма екен?!
Олар күтіп, күтіп сын сағатында,
соңғы жарты үмітпен
жүректерін жылытады екен.
Мен дәл
осындай махаббатты ұлықтап етем
Сүйген жандар мехнатты елемейді,
ұмытпа көкем...
«Сүйемін» дейміз.
«Сүйемін» дейміз.
Сүйетіндер күдерін үзеді ме екен?



Сүйетіндер күдерін үзеді ме екен?!
Кірпігіңнен бір тамшы жас үзілмесін деп,
Кірпігіңнен бір тамшы жас үзілмесін деп,
Дұғамменен обалымның есігін
күзетіп өтем.

Күзетіп өтем. Күзетіп өлем.
Осылай, көкем.

ШАШЫЛАҒАН ШУМАҚТАРДАН

Кіл сұрықсыз ойлармен арбасып қап.
Шіркін жүрек үздігіп, таңға асықтап.
Бір күнін бір жылынның көшірмесі.
Ал енді сол тірліктен зор нәсіп бақ!

Ынсап та жоқ нәрсені етеді арман.
Рух, Сіздің құныңыз ол өте жалған.
Кер енді қарыны тоқ бауырыңды
Өленді жүре тындап кете барған!

Біреудің көп естілді бұрнағы әні.
Ал, біреу өзін-өзі бұрмалады.
Әлемді жалт қаратып үркітпесе,
Сенің өлең жазғаның кімге дәрі.



ҚАЗБАУЫР

Санасы буланатын сайран десе,
опык жейді екенбіз ойдан неше.
Әттең өлең дегенге селт етпейді-ау,
далаптын иісі сіңген қайран көше.


Сонсон мен қоралқа көп жылымадым.
Қырдың қырбық қары еді құнығарым
Жыландыда жортатын күн енді жоқ,
Дауысын жазбай таныр ұлыманым.

Ой, менің түйе өркеш бағзы ауылым.
О, менің бәкізе қыр, бәз қауымым.
Ең адал оқырманым сайын дала.
Қырға келші қазбауырым.

* * *

Үйге келсем: қарт әкем — қоныр тірлік.
Қабағында жатқандай өмір мүлгіп.
Өлең жазып келіп ем көңілденіп,
өлең жазып келіп ем төгілдіртіп...

Шапан. Кілем. Шешейдің орамалы.
Көкірекке кермек жас домалады.



Өлен құсап көшеді есіл өмір,
Өзі құсап бір күні оралады

Сен де жетім, мен жетім, жер де жетім.
Осындайда мұң ғана шерге өнетін.
Жібергенін дая-сал ғып көрмеймісің,
Өлен тауып өмірден келген едім.

Бәрі орнында самалдық сол баяғы,
Қалың нөпір тынымсыз қолды-аяғы.
Өлен ғана мәңгі жас, мәңгі ғашық,
Ал, адамдар өте тез қартаяды...

* * *

Жылжытып жанарыңмен жалғанды әрман,
Бүлк еткен көмейден ән салған да арман.
Іздесем таба алмаған аңғарлардан:
әріктің дәнегіндей болған қарғам.

Салшы әнге, көңілге хат жазшы бүгін,
Еркелеп канатынды жазшы күнім.
Тұсыннан желемік бол өткенімде,
Тербеле бас шайқаған жас шыбығым.



Тапқанмен сарайынның кілтін ештеп,
Бір мұнын ілестіріп бір күн өтпек.
Көзіңнен сүйгім келді, о несі екен,
Түйсігім жұпарынды түртіпектен.

АМАНАТ

Сағынышқа көңіл болса жылынар,
Сол көңілді өмір де жоқ ұғынар.
Елге қашан барарымды білмеймін,
Кел де ботам жүрегімді жұлып ал.

Үмітімді бір зунатып жерленген,
Күндерімді бейуаздарға шерленген.
Көз алдыма бір келтір де, құлыным,
Жүрегімді суырып ал кеудемнен

Тас төбемнен түсе бермес жарық көп,
Жанарынмен тас түнекті жарып кеп.
Жүрегімді сағынышқа орайын
Уысыңа қысып ал да алып кет!



НААА

Көздерім жылауға ерік бер,
Жарасы жүректің канады!
Өксіген өмірім ерітер,
мұз болған іштегі жараны


Наз көңіл жан-жаққа елендер,
Жасыма жуылған жанарым...
«Ер жігіт жылады», демендер,
Себебі мен әлі баламын.

Жылаудан қаласын сан болып,
Қатты екен қайғының кеселі.
Жүйкен де кетеді дал болып,
Көз жасын көмейді теседі.

У болып қайғының араны,
Бауырым барады езіліп.
Шаршаймын, өзегім талады,
Тағдырдың торына кезігіп...

Наз көңіл жан-жаққа елендер,
Жасыма жуылған жанарым...
«Еркексің, жыладың», демендер,
Өйткені, мен мәңгі баламын!





V ЖЕЛІ

БАҒЫШТАУ

*Жатырақтар – жүректің көшірмесі,
Сайтанның көшірмесі сайықал адам.*


Тұрсын Жұманшан

Түсіндірмей ӨЛЕҢҢҢНІҢ бағасын,
Аспанына көз қададың бекініп,
Ғарыш баққа асыққанда ағашым,
елсіз жерді қыймағаның өтірік.

Абыройдың «абаданы» боп жүрген,
Кеудесінде тат басатын медалі.
Топастарға есі кеткен ел бірден,
түсінуге тырыспады СЕНІ әлі.

Ақындардың АҚДУҒАСЫ ен үстем!
Біреулерше реңжімедім жеріме
Отызымда аппақ канат ПЕРІШТЕМ,
Тан алдында алып кетсін мені де.

Тірішіліктен таба алмадым барқадам.
Аспан құлап кеткен екен арқама!



Естон кетпей жүргеніме таңқалам,
«Сау адамды жынды етер ортада».


Алыс жаққа жете аямаумен аңсаған,
Жабықтым-ау қу жаныма жыр сінбей.
Жапырақтай жүрегімді шаршаған,
АЖАЛ ДА ЖҮР (Адам да жүр) ТҮСІНБЕЙ.

ҚОҢЫЗ

Тәңірімнің төгілгенмен арайы,
Адамзаттың ақша боп тұр жетегі.
Кеңседегі кеңкелестің талайы,
бастығына сүмең-сүмең етеді.

Жер бетінде қаны кеппей Абылдың,
Қабылдардың көріп жүрміз өнерін:
Тәнін сатып ұяты өлген жәһілдің,
Ар-ұжданын қайда апарып көсемін?!

Ібілістің іштен үнін ұлытып,
Қай кезде адам Нақ Алласын сүйе алды?
Аманат боп келген жанын ұмытып,
Кеше досым несиеге үй алды.




Дуннені өле сүю – тағылық
Соны неге түсінбейді бейсана!
Ақшасына құдайындай табытың,
Аркасына бок өңгерген бейшара!!!

* * *

Асқардай ердің бірімін арманға бекем,
Арманға бекем: әлі де армандап өтем!
Екі елі бақы екі аттап тәрк қылғанда,
Бақталастарым тосырқап танданған екен...

Жартастай ердің бірімін жігерге бекем,
Жалғанның өзін састырып, дігерлеп өтем!
Есігін ашсам ескі елдің төрдегілерім
(Көмдірмек мені)
өлді деп мені үлгерген екен...

Қайратты жанның бірімін қайратқа бекем,
Таяз пенденің күлген көзі де
тайғақтау екен...
Жүзіме тура қарайтын кісің неге жоқ?!
Айғыздап бетін қағаздың айғақтап өтем.



БІР ҚАЙЫРУ

Үніндей мешіттегі азаншынын,
қайырымы қысқа болған газал жырым.
Мен өленге қызмет ете алмадым,
өлен маған арнады адалдығын.

Жармасқан алқымыма көп әлдекім,
өзіңе бодан жүрек обал дедім.
Қайтқанда қияметке қарсы алады,
айтқанда қайырмасы жоқ әндерім...

АРЗУ

*Берсең бер, бермесең қой баспанаңды,
Сонда да тастамдымын Астанамды.*

Қасым

Астана көшті Арқаға қарай
Қасым да көшкен
қас-қағым сәттен бақиға,
Қасымда өскен қалалық жандар
Қасымды қайтсін?!
Мәңгілік жырын оқи ма?



Мінезі тарпан,
Тағдыры егіз,
Көңілі сүттей,
Бірі едік біз де текті ұлдын.
Баспана бермей сенделтсе-дағы
ақын халықты,
Астана жакка бет бұрдым.

Базынамды айтып баз кешкен елге,
шенділерге де,
Үнімді кімге естіртем!?
Мен түгіл кеше даланын данкты
ұлдары кеткен,
Барақат таппай бес күннен!

Жалғанға жауһар жырларын төгіп,
Жасындар үлгі
талайға көрсетеді әлі!
Астана жұрты қаңғыртпаса екен,
Қасымдарымды...
Пәтерін бермесе-дағы!!!



БОЯУ

Көктенбіл күнге
көксенгір аспан карайды.
Адамзат қайда асықты.
Майда жал желге
ақселеу шашын тарайды.
Ақжауын көңіл жасыпты...

Шайға да зауқым соқпай жүр,
Бәйгіден келген шайкүрең атым есімде.
Кермеден алып керторы бетке тақаушы ем,
кер сағал күннің кешінде.

Қалаға бөзіп күйіттеп жүрген өз жанын,
Құдайдың көрдік жазғанын.
Көкдөнен күшім
көлденен келіп көзіме,
қанжирен шерді қозғадым.
Бозінген үнмен боздадым!
Боз далаң сені сағынды!
Боз далам мені сағынды!
Боз ала таңда бозқасқа мінген боздағын...



КӨШ

Жазықсыз сәби боп көшіппін,
жатырдан жазықты жалғанға
Бесіктің әлдіні есіттім,
түндерден жалғасқан тандарға.

Көксеңгір аспанға көз тігіп,
Ақзерлі әлемді сүйген ем.
Біреуге мөл-мөлдір көшті үміт,
Бір кеште билеген бименен.

Кезінде көтерген әкем де,
қоғамның зілмауыр салмағын.
Көшумен пәтерден пәтерге,
бабамның арманын жалғадым.

Бақ пенен сорымыз бес елі,
Жанымыз бақиға бергісіз.
Бір кезде рухым да көшеді,
Қай күні екені белгісіз...



АҚЫҢДАР РУХЫҢА БАҒЫШТАУ

*Түн қалаңкесінің ұйыған кезі.
Үстел үстінде қағаз, қалам,
жағып тұрған шам...*

Жанымда шырақ,
сәулесін сыйлап жарық қылатын.
Жадымда сұрақ
әуресі кінәп камықтыратын.
Қаранғы төрді
бөлеген нұрға шамшырақ көзі,
Кеудемді жырға,
шабытты шыңға қарық қылатын.

Шалқысын сезім! Тасысын сия!
Толғасын қалам!
Кірбін көңілім
жабырқамасын болмасын алаң.
Өшпесін шырақ
қуатын сыйлап асыл жандарға,
Қылса екен тағдыр
ақын халықтың ордасын аман!



ҮЗІК


Әке,
тым жүдеп кеттің сен
анам кеткелі.
Онынан шықса екен деп жүрмісін
амал дәптері.

Сен мені бақытты қылдың ғой.
мен сені
бақытты қылуға шамам жетпеді

Әкешім,
Кешіргін опасыз балаңның қатесін.
Бір күні анамның соңынан кетесін.
Кеткен соң мәңгілік мұратқа жетесін.
Ұлынды қалдырып ұятсыз мекенге,
қызартып жалғанның шекесін.
(Апыр-ай! Не деген кекесін!..)

Әкетай,
Мен әлі жүрмін ғой өзіне еркелеп.
Саямды ит-ғұмыр – өртеді от.
Ол жақта анам жүр, бұ жақта адамзат,
ансары ақша мен бір үзім бөлке боп.

Әкем-ау,
Жетпісті алқымдап қалсаң да,
Жетпедің мәңгілік ансарға.
Қызым деп, ұлым деп көлікке
Мініп ал түстің-ау сарсаңға.
Әкешім менің...



КҮЙІНУ

Ар-ұждан жоқ бүгін адамда
Ақиқат бәрібір жеңбейді
Қойторы, қортықтау қоғамға,
Ештеңе дегім де келмейді!

Тәңірім жырла деп жақ берген,
Ал одан не ұттым?!
Ұтылдым.
Етіме таңбасын сап берген,
Бетіне заманның түкірдім!

Өмірім, ұлына өгейсін,
Басымда жоқ әлі баспанам.
Тасбауыр тірліке не дейсін?!
Ақынын талақ қып тастаған.

Жеріме тірідей көміліп,
Содан соң, оянам қабірден.
Өзектен өленім өріліп,
О жақта тілдесем Тәңірмен!

Сипаты бұзылған замана,
Жарайды ыркына көнбедім!
Бар Ғалам қараса таңдана
Мен сені,
сен Мені жеңбедің!



VI ЖЕЛІ

" -

КҮЙ

Бүгін менің көңілі хошым бұлт рең,
секілді боп қабағыма кілкіген...
Бір кездері жақсылықтың бәрін де,
қабылдаушы ем мөлдір тұнық күлкімен.

Ал қазір ше?
Лайық етіп айналыға сыртымды,
кылкынды да, санам қайта сілкінді!
Енді қайта таба алам ба білмеймін,
жұртта қалған күлкімді...

* * *

Сұрама қал-жайымды,
Керегі не?
«Саулығыңның» жаныма берері не?!
Халімді жақсы-жаман білер еді,
Көз тастап өлеңіме.



Қарама, жүдедің деп түр-өңіме,
Ақындар жүдеп өмір сүреді ме.
Сырымды білгін келсе үңілерсің,
Сәл ғана жүрегіме...

Өзіме кештім бәрін оқ атқанның,
Ақындар – бауыр еті Жаратқанның!
«Достарың көп шығар-ау?» дейсіңдер ме,
Оларды жоғалтқанмын!

Мұң сыйлап, тағдыр маған шер тұндыртты,
Қырсықпын, ақкөңілмін еркім мықты,
Қоғамның шылауына байлансам да,
Мен сүйем еркіндікті!!!


* * *

Өткіздік осылай қысты біз,
Көктем. Жаз. Қайтадан түсті күз.

Тауыссақ деп жүріп өлеңді,
Байқадым тоқтайтын төбемді.

Ғұмырым – жұмбағым қып қысқа,
Әніме, жырыма түпнұсқа.

Жанымды жартылап ала бер,
Мен сені сағындым кара жер.



* * *

Ән салайын ба?

Бір жаңғырық естілді жансарайымда.
Келге өмірдің келтіріп көрік келбетін,
Таңғажайып табиғатқа тамсанайын да.

Ән салайын ба?

Тәубесіздің тәкәппар нән сарайында.
Безбүйректі ботадай боздатып барып,
Жүрексізді жүрекпен қарсы алайын да.

Ән салайын ба?

Көктем Жазда. Күзде де
Қаңтар айында.
Шарасыздың шабытын шақырып алып,
Сәл жымнып домбырамды қантарайын да.

ЛЕТАРГИЯ

Паркетте.

Кінәсіз қабырғаларды жеп қоя жаздап
көзіммен

Өзімді қалдырып өзіммен.

Онаша бөлмемде ой кешіп көз ілгем,

Біртүрлі сезіммен.

Біртүрлі төзіммен...



Түскенмен құрыққа.
Бағынбай бұйрыққа,
Ырыққа.
Онаша бөлмемде тығылып
уақытша өлімді аламын сыйлыққа
Осылай.

Досым-ай, қадірсіз.
Ессіз деп топшылап
мені де жоғалтып аласыз қазір сіз.
Аржағы мәлімсіз.
Ал уақыт не деген сабырсыз

* * *

Е, менің қайран шешем қабірдегі,
Сергелдеңге сап бітті-ау өмір мені,
Топырақты уыстап көріндегі,
Шемен-шерді актардым көңілдегі.
Е, менің қайран шешем қабірдегі.

Е, менің есіл анам бейіттегі,
Жұрт мені сөз қылып жүр көйітпелі.
Сен бақша жеп-жеңіл сіңіп кеттің,
Жалғанға ұлың сыймай жүр өйткені.
Е, менің есіл анам бейіттегі



Е, менің асыл анам моладағы,
Көп жайды айта алмадым саған әлі
Мені өзіңе ертерек ертіп әкел;
Ертіп әкет кінәздеу со баланы.
Е, менің асыл анам моладағы.

О, менің қаснеттім, зираттағы,
Жүрмін бе аруағыңды қинап тағы.
Кәктасына көз жасым тамып кетті,
Отбасыма бармадым үй жақтағы.
О, менің қаснеттім, зираттағы.

* * *

Сезім гүлің бұр жарып киналасың ау,
Ниетіңнің қақпасы ибалы осынау.

Қайрылмайды екен деп иланасың ау,
Теріскейге бет бұрып жиналасың ау.

Мөлдіреген өкініш боталай ма екен,
Кінәлай сап жоғалу оп-оңай ма екен?

Есінде жоқ тағдырдан қансырағаным,
Көңілімді көтерші шамшырақ әнім



О! Сезімнің айкасы. Майдан алаңы,
Сүйе салып айыптау қайталаңады.

Жарқабакты жалғаннан жақынды ала жүр,
Тонған торғай секілді қонылтак өмір.

Қоңыр қысы тонаған аһ ұрары көп,
Тобылғысы екенмін жапырағы жоқ.


Қыз қылығың тауып ап өте жарасым,
Бізді бүгін танымай кете саласың.

Рас қой?!

* * *

Ымыртта жамылса жаның мұң,
Басына келгендей қабірдің.
Ізделің білемін, ізделің,
Өйткені өзіңді сағындың.

Ұйқысыз таңымды атырып,
Беймаза жаныммен ах ұрып,
Махабат пәк сезім мен үшін,
Ешқашан жазбаған тақырып.



Суреткер салатын сурет пе ең?
Өзіңсін сүюді үйреткен.
Мен сені сүйемін, сүйемін,
Темірдей сұп суық жүрекпен.

Жаныммен, тәніммен сезінген,
Мендегі оянған сезім бе ең?
Мен сені сүйемін, сүйемін,
Ешкімге сенбейтін көзіммен.

* * *

Мені қашан жұбатады мына әлем,
Көздерімді қуантып
Алақаным амандасып күнәмен,
...енді айтылар сыр артық

Мені қашан жұбатады мына күн,
Кеуде тұсты түрткілеп.
Бейтаныстың хал жағдайын сұрадым.
Ол да жасын сұртті кеп.

Мені қашан жұбатады сәбидін,
Шық күлкісі аялы.
Көңіл күйі түсіп кеткен әр үйдін,
тіршілігі баяғы..



АЙ

Маңғыстатып тіршілікті кайрансыз,
«Тағдыр» дейтін болмашыға таңырқап
Уақытты айға таңып қойғансыз,
тұдан тұтқан тұрмысыңа жабырқан.

Жермен жасты тым егделеу Алтайдың,
бауырына төсесем бе басымды.
Бөлмемдегі іргелікке жантайдым
бөстегіне шандып тастап бәсімді.

Тәртіпсіздің тентектігін көтерген
көк пен жердің арасында дәліз бар
Алты аласым бес бересім өтелген:
Айтпағымды айдан сұрап алыңдар!



VII ЖЕЛІ

МАМЫРСТАН

Ит басына төгіліпті ырыс-құт.
Енді отыз жыл күте тұрсақ болды да!
Құс ұйқысын бөліп тұрған тыныштық,
Үрей тартып қабағына қонды ма?..

Намысыңды төртке бүктеп лақтырған,
Кітіктердің киесіндей бұйығы.
Саған жұртым, ар да құрбан жан құрбан,
Жер шарының мәмілешіл ұйығы.

Атар таның атпайды ғой жат елсіз.
Құдайсыз да ел болған кез есімде.
Жаһандағы кәперсізден кәперсіз
Кел билейік, Сарыарқанын төсінде!

* * *

Ашқан көзің атқан таның тәрізді-ақ,
Әттең көңіл сазып-сазып алады.
Сондығынан әдемі мұн қабызлап,
Қуанышка ұластырып бағады...

Нені аңдатыш қойған екен жер мен көк:
өң мен түстің сарқындысы ғана ма?
Өн бойымды түсініксіз хәл мендеп,
бұғалықтап тастағаны-ай қалаға.

Жазарманның өленіндей күшеншек,
жарнама өмір баппен жайлап азғыр да.
Жұмырына жұта салғын үш өлшеп,
Дақ түспеген жүрегімді жазғырма.

МАҚТАН

Назасына жиі ұрынған осалдың, –
Бар жазығым илікпейтін асаумын

Астамдығым – ақ көңілім шығар ол.
Қайда бастан барады екен мына жол...



Күресінге қимайтұғын жыр жаздым.
Сабаздығым, –
бір қазақтай сырбазбын.

Салған әнім – тамырлы ғой тамырлы.
Анғал жаным –
бір сабырсыз, сабырлы.

Айтқан сертім –
беріктігі еменнің.
Кемелдігім – шым түбіндегі теренмін.

Елесімде мезіреті тандардың.
Мен есінде мықтап қалам жалғанның.

НӘУБЕТ

(ах)

I

Ұрпағы жат боларын сезбеді жұрт,
Тағдыр да танытпады жұмсақ піні.
Асырал алған екен өзге бір ұлт,
Қазақтың жетім қалған бір сәбінін.




Жетімдік тастайды екен шын ез қылып,
Кіндігін ел-жұртынан ер үзгесін.
Табанда өзгереді мінез-құлық,
Адамға доңыз етін жегізгесін.

Көрсетер қандасына айбат күшін,
Менсінбей бабасынын сөзін, тілін.
Тастанды болғаны үшін қайрап тісін,
Қас болар болмысына өз ұлтының.

Тарихын танымастан өз ұлтының,
Деп білер «баккандарға» борыштымын.
Қылса да Құдай қара көзін, түрін,
Анамның тілі, – дейді, – орыс тілін.

Тексіздік шырмап алған мұны жігітей,
Сүймейді туған елдің топырағын.
Өзгенің жері дейді шімірікпей,
Алаштың ата қоныс атырабын.

Қасірет – ұлтсыздықтың өзінде екен,
Қаснет – сүт арқылы қанға сінед.
Ойы – жат, сана – бөлек, сезім – бетен,
Әйтпесе, бұл да өзімнің қандасым ед.



II

Кенестік кезеңде, ұлтым, не көрмедің?
Жоқ болып, жойылуға аз-ақ қалдың,
Еркімде болса бәрі егер менің,
Намысын оятар ма ем қазақтардың!

Әуелі сәбилерін жетім қылып,
Мейірге мұқтаж еткен кү тіршілік.
Сол ұлттың жетімдерін жетілдіріп,
Ұлтына қарсы қою – кінтұрқылық!

Көз салсаң отарлаудың шарасына,
Жетімді төре жасау – жоба басы.
Себебі, сәбилердің санасына,
Не ексең, болашақта соны орасын!

Керексіз еш адамға жетім еді,
Бергендей ащы тағдыр долы сабақ.
Қазақ боп туғанына өкінеді,
Өз ұлтын адамзаттың қоры санап.

Имансыз құты семіп, ары шөгіп,
Бойына у тарайды харам астан.
Кеткен соң рухы сөніп, намысы өліп,
Оларға оғаш емес жалаңаш тән.

Зұлымдық шарап болып қанында жүр,
Құмыра туыс оған, құбыла жат.



Ал олар кара ормандай қауым казір,
Бәрінің тілі – сары, түрі – казак.

Қайғы-мұң жан-жағыңнан қаумаласа,
Жау шығар өз ішіңнен, Алаш, аттан!
Өкініп істеріне, тәуба жаса,
Қорықпай өзге жұртқа бала сатқан!

III

Зобак Темір тордын ар жағында,
Жолбарыс жатты жалап аландарын.
Құдайдын күдіретін аңдадым да,
Тағының тағдырына алаңдадым.

Сүтіне тойып алып алгі аяндар,
Бауырында жатыр екен танаулының!
Ажырап Ата-Тектен қалған аңдар,
Бойдағы жоғалтады бар айбынын.

Зымиян зерттеуінен адамдардын,
Жануар ойламайды еш қауіпті.
Сүтімен мегежіннің аландардың,
Бойына дарытыпты шошқалықты.

Қанына азғындықтың кеселі енді,
Торай гой, шошқа емген соң,



болсын ба алаң?
Доңыздың аландары өсе берді,
Кей-кейде үн шығарып қорсылдаған.

Залымның жасап жатқан келемежі,
Рухын алған сірә көмескі гыл.
Жеріген күшігінен өз енесі,
Құсадан мерт болыпты деп естідік.

Құсадан өлген тағы тағдырынан,
Қазақтың қасіретін елестетем...
Бұл өзі, басып озбақ барлығынан,
Барысы Азияның емес пе екен?

IV

Ұмытса Алла заңын алданбас кім,
Адамдар қолдан жасап мақсара заң.
Раббысына иілмей қалған бастың,
Басына орнайды екен басқа заман.

Біреудің табынтаны дарақ екен,
Аллаға серік қосқан, пұтқа иіліп
Жаратқан түрлі азапқа салады екен,
Қаһарға ұшыраған жұрты иіріп.

Қоспалар кіргеннен соң дінімізге,
Адасып тура жолдан, дін бұзылар.




Дініне қайтам десең, ғылым ізде,
Білекті – бірді, білімді – мыңды жығар.

Отан деп нұрлы жүрек туламай ма,
Болмайды ақиқатты айта кетпей.
Тамырсыз бәйтерек те құрамай ма,
Таухидсіз ел – тамырсыз бәйтерек қой.

Менің аркам деп ешкім айта алмайды,
Тәуелсіз етсе бізді Тәңір етті!
Дұғасын пендесінің қайтармайды,
Ол – Алла. Мейірімді, Әділетті!

Азатсың, болар талай, алда сынақ,
Сондықтан өз ұлтыңның арын сатпа
Расулдың сүннетіне жармасып ап,
Құдайдың Құрандағы заңын сақта!



ҚЫЗ ЖАЗЫҚ

(ретроспектив)

*Бұл балыста Жазық есімді заңи,
суырыпсалма ақын қыт бар екендігін
бұрынғырақпа естігенім бар.*


Янұшкесевичтің сапарнамасынан.

Ол кезде көл пәкизат шағалалы.
Ол кезде ел пәкизат бағаналы
Шон, Шорман
жұртын қорып дұшпанкөзден
айнадай тап-таза еді ау қарамағы

Жыланбас шолпы таққан бұрымына,
елітіп қылықтының қылығына
Ерітіп күн сәулесін қыр басына,
өленнің мейрің қанған тұнығына.

Тәркінін сан тарихтын терең алсақ,
Күн мен күн айырығы ерен алшақ.
Өтіпті басымыздан небір заман
зұлмат жыл, бодан ғасыр, керенау шақ.

Әр шокым шежірелі занғар аймақ.
Сол казак ғұмыр кешкен арманайлап.
Мезгілі сәл өзгередек демесеніз,
көзіңе тізбектелер андағайлап.




Айбары асқақтаса хан Кененің.
Желкенің еркін керіп ән кемеңің.
Қыз Жазық намысындай
Алты Алаштын
Тәгіпті төңірекке зәрлі өлеңің.

Өз елін қойша қырып қанағасын.
Аштырмай бай-манаптын оразасын.
Шер бүркіл қу таяқтан сұлтандардың
тірідей шығарыпты жаназасын.

Құдайдың құзырынан әмір келсе,
тентекті тезге салған тәлімгерше
Көрсөкыр көзі ашыққа тәлім айтар,
Тұлғасы пайғамбарша тәңірленсе

Е, жалған тауаныңа тәбділ қанша.
Адам ақынға айналар тағдырланса.
Жырлапты Алатауда ақын Жазық.
Жылапты Қарқаралыда жалғыз арша.



ШЫРАҒДАН

Қаралайым заттардан сабыр іздеп,
Қас қарайса кеудеміз жанын үзбек...
Періште көр түсінде терезеден,
Пеш түбінде алаулар жалынбыз деп

Шырағдан күзеткен қараңғы түн:
Ол да біздік тұмырдай қараңғы-тын.
Тағдыр менен тағдырдың басын қосып,
Сәуле болып сананда жанам бүгін.

Бал шақтардың тәттісін, тұщықтарын;
Қағидасын фәнидің тұрыптарын;
Біз өртеген өкініш өткенің мен,
Бізді өртеген уақыттың ұмыт бәрін...

Аққу қанат пейілмен әзілдесіп,
Лүпілінен жүректің ән үндесіп.
Кектескеннің кегін де кешір жаным,
Бізді кешкен пенденің бәрін кешіп.

Мен берген түн кілтiнен сағым іздеп,
Қас қарайса кеудеміз жанын үзбек.
Періште көр түсінде терезеден,
Пеш түбінде алаулар жалынбыз деп...

* * *

Жанарынан жас тамып түннің дөңгелек,
Бір жапырақ құлазыр айды мұңайтып.
Аппак-аппак қар құлар – үлбір көбелек,
Жадыратар қаланы қайрымын айтып.

Жер бауырлап шөгелі бұлттар көшіп кел,
Желтоқсанның желкеніндей жаға көтеріп
Кәрі төбет көздерімен күрт арбасып кел,
Жарық басқан маңайды шолады келіп

Беу, ғұмырды бастасақ па бәрін басынан,
Күрке тігіп жағалауға жағалай қонып
Аунаймыз ғой армансыз адыр басынан,
Алыстағы алауды аралай келіп.

Жеті бақыт арқалап жеті жұлдызым,
Аппак қарға оранған арман гүлдерім
Сәл өзгеше ғайып боп кетуім үшін,
Сәл өзгеше өрбінді қалған күндерім.



VIII ЖЕЛІ

* * *

Жарығы жоқ жанбырлы түннен ауыр,
Қадірі жоқ сөз тындар мұңлы өмірім.
Сөз бере бер, еркелет, зіяден арыл,
Аялдай сал камықпасын үр көңілін.

Күнделікті күйбеннен қаншалықты,
Реніш жып алды екен сарсан жаным.
Гүл ғұмыры секілді соншалықты,
Жылы сөзбен ганибет қарсы алғаның.

О, бұған шаттанады қанша жүрек,
Сан адамда күнелтіп аласұрып.
Сол сөздерің қуаңғып алса бір рет,
Тағы да алдап кеткін баласының.



* * *

Жылдар жайлап жылжыса да жанымнан*
Сені сезем. Жарылайын ағымнан.

Көкжиекке күн қоныпты алқызыл.
Үнсіз күтем: зарығу, мұн, арты — зіл.

Сол көкжиек боялғанда алауға:
Сезіктенем; сырт берерсің маған да.

Талмай танып күнә менен күдікті.
Үзік жіптей үзерсін-ау үмітті.

Ажал құшқан арманыммен сен күлген.
Сол заматта құлдилармын зенгірден.

Көкжиек тұр. Ақзер әлем Әманда.
Сезіктенем: сырт берерсің маған да.



* * *

Ақзер аспан шұғыласын шашыпты.
Бұдақталған арасынан жер көктің.
Қаздар қалқып әңгімесін тасытты.
Өргек тым...

Еркіндікте ажар ашық, көңіл кең.
Сүйіктіңнен жырақ кеткен заматта.
Бір дабысты есітермін мен ертен.
О жакта.

Онда салқын күздің лебі рабайсыз.
Көк желкеңнен үрлеп дәйім тұрады.
Балтасы бар ағаштар да тоғайсыз
Тұр әлі...

* * *

Болашақты сөз еткенде ол бірден:
Болып кеткен оқиғаға көндірген.

Тыныштықты айтқан болсам көзілді,
Тыным таппас меңзегенім төзімді.

Ештеңе деп бас алмасам айыптан,
Оның ешбір катысы жоқ ғайыптан.



* * *

Барлығын да қойған әлем мүмкін ғып.
Кеше
Бүгін.
Болған шығар бір сұмдық.
Сенін одан құтылғаның алдымен,
Жағдаяттың жарлығы деп күрсіндік.

Ғұмыр сені жібермепті қыршын ғып.
Өйткені оған қарсы тұрды бір шындық.
Бірінші де
Соңғысы да емессің
Кездейсоқтық деп айтуға іркілдік

* * *

Қыр сонымнан қалмай қойған көлеңкем.
Патша болып кеткенімде мен ертен.
Алтын тақтан түрегеліп тұрғанда
Бейнеме ұқсап тұрармысың көнерген.

Көлеңкем-ай қылаңытқан жанымнан.
Мені көріп қайысады-ау қабырған.
Өзгелердің айға алмасын сен айтып,
Тал бойымды айырасың сабырдан.




Көлеңкем-ау мысқылдаған өзімді.
Кашан қайда қайтарасын тезімді?
Патшакөңіл болмысымды мансұқтап,
Табытқа әкеп тірердейсің жолымды.

* * *

Мына көктем ұзатылды хабарсыз.
Сырғаларын ағытып тал теректің.
Тынышты орнатып сап алансыз
Кейінірек бұлбұл үні ерек тым.

Жалғыздығым өтіп кеткен мезгілдей.
Тамған өлең өкініші өткеннің.
Тек түсімде аласұрып сені іздей
Әйбәт көйлек киіп алып көп келдім...

Оның бәрі түс боп қана қалды әзір.
Мұным менің жылғанда мың құлаш.
Сырларымды сүйкеп едім дәл қазір,
Көктем жайлы ақпар айтты сырлы наз...



* * *

Қынырлығым асып түсті бәрінен.
Өсекті де құлаққа ілмей жүргенде.
Соя баяғы тым аңғалдау әніммен,
«Сен» дегенге мән бермедім бір демде.

Өзгелерден сәл шынайы болғаным.
Асау жастық лебінен бе деп қойдым.
Күнәнді де, кінәнді де қорғауым
Жазмыштан деп, өзге арнаға бет қойдым.

Періште деп еркелетпей әр уақыт.
Гүл біткенді тере алмадық екеуміз.
Сын сәттерде қабағынды қабартып,
Пәктік күтпей күн кешірген екенбіз...

Аян беріп шырмамадым түсінді,
Жылылар жұмсап сүйіктіңді күтпедін.
Садаға ғып пәкізаттық мүсінді.
Әйел болып сырынды да бүкпедін.

Ерік бермей тым алдамшы сағымға.
Мақтау сөздер нені өзгертіп тынады?
Тек түндерде жалын беріп жаныңда
Баурап еді екеумізді түн әні...

Сені аяқп қала алсам ба жалғанда.
Өзеуреген өзгелерге сырт беріл.



Онашарак тек екеуміз қалғанда
Тағдырымның тармағына нүкте гыл.

Сенен өзге іздер екем мен кімді?
Сенен артық жан бар ма екен жаһанда.
Талдырмашым, құрсап алып еркімді
Шұғыланды шашып жібер маған да.

Тағдыр сені жазған болса маңдайға.
Сені алқал қала алсам жалғанда.
Пәкизатым деп бармастан шалғайға
Жаным менің дей салармын бар маңға.

Көлгірлігім, сенгір мұным емес бұл.
Мөддірлігің шығар бәлкім сүйдірген.
Құмарлығым, күмәндігім елес құр
Оттай қарыл сезімімді күүйдірген.

Көздеріңді жұмғаныңда түп-тұнық
Бала құсап қалғып кеткен секілді.
Түмен түнде көңілімді күпті гыл,
Әредікте ойға шомдым не түрлі.

Пешенеме перизатым боп енші
Бізді әркімдер жазаласын соттасын.
Өз қолына жазу жазған өлеңші
Киіп қойған жазмышының нөқтасын...



* * *

Өлдекімді қайта сүйші
Не дейсін...
Жақсылықтың атауына төлейсін...
Қазір маған айтып оның есімін:
«Асыл сөздің құрметіне» дегейсін...

Уақытыңды рәсуә етпей қазіргі,
Бақытыңды баянды қыл әзіргі.
Мені сүю қасіретпен мәңзелдес,
Қасиетгі болғанымен,
қажырлы...

Қаныңды да қайнатпастан қасықтай,
Жаныңды да жарқабақта жасытпай,
Екеуіне жетер күнді қақ бөліп,
Асқарына адымдай бер асықпай.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Шығармашылық өлкесінде өзіндік өрнек салып келе жатқан каламы қарымды, жас акындардың бірі – Ерқанат Кеңесбекұлы (Жерімсал Кеңесбекұлы) 1986 жылы ақпан айының 13 жұлдызында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы сол кездегі Мағтақ совхозы, Ақбұлақ бөлімшесінде дүниеге келді. Әкесі – Кеңесбек көп жыл бойы сол ауылдың меңгерушісі, анасы – Тәлеу Жұмәділқызы бөлімше кітапханашысы қызметін атқарды.

1993 жылы Ерқанат Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы №6 мектептің табалдырығын аттайды. 1997 жылы Қарағанды қаласы Н. Нұрмақов атындағы №2 мектеп-интернатына ауыстырылып, 2008 жылы мектеп бітірген жас түлек академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түсіп, аталмыш оқу орнын тәмамдайды.

Алғашқы еңбек жолын сол оқу орнының «Студенттер мәдениет сарайының» көркем-

дік жетекшісі қызметінен бастайды. Кейінірек Елордалық «Астана» журналы, «Астана ақшамы» газеті, 7-телеарна, «Астана» арнасы, «Қазақстан» Ұлттық арнасы сияқты беделді бұқаралық ақпарат құралдарында жемісті еңбек етеді.

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.


Шалқар шабытын аркалап, бойындағы дарынын дамытып, қарымын қалыңдатып келе жатқан жас ақын бірнеше республикалық жыр додаларының жүлделі жеңімпазы.

Мерзімді баспасөз беттерінде ұдайы жарияланып келетін өршіл рухты оятатын, өткір әрі шынайы өлеңдері оқырман ықыласына бөленуде.

Автордың баспа беттерінде жарияланған туындылары

Бойдықов, Қ. Көзбала. [Мәтін] / құраст. С.С.Керімұлы, Е.Кеңесбеков. – Қарағанды: Болашақ-Баспа. – 2008. – 124 б.

Маркаска Мартбек [Мәтін]: таңдамалы шығармалар. Естеліктер / идея авторы



К. Охан, құраст.: *М. Бегімбай, Е. Кеңесбекулы*. – Қарағанды: Арко. – 2013 – 195 б.: түрлі-түсті фотосурет.

Алиф. [Өлеңдер жинағы]. /авторы – *Е. Кеңесбеков*. – Қарағанды: Парасат. – 2016. – 112 б.:

«Азия Транзит», «Azamat.kz» «Орталық Қазақстан», «Түркістан», «Төртінші билік», «Нұр Астана», «Алаш айнасы» газеттерінде, «Жұлдыз», «Өнеге», «Ақиқат», «Тұмар» т.б. журналдарда өлеңдері, аудармалары, мақалалары жарияланып келеді.

Abai.kz, ult.kz, kultobe.kz, qasym.kz, serpin.kz, aikarakoz.kz, i-news.kz, sen-ushin.kz, baq.kz, massagan.com т.б. көптеген сайттар мен порталдарда өлеңдер топтамалары жарық көрді.

2011 жылы Қарағанды қаласындағы «Арлан» студиясында даярланған «Қасымнан – ғасырға» Қарағанды облысы жас ақындарының аудиоантологиясына «Сарыарқа кітапханасы» серниісімен шыққан 100 томтыққа өлеңдер топтамасы енгізілді.



МАЗМУНЫ

I ЖЕЛІ


«Зымыран уақыт...».....	5
«Жағаласып, алыспасам теліммен...».....	6
Түйсіну.....	7
Бесік.....	8
Күрмеу.....	9
Сағынышбасқан.....	10
Тиск.....	11
«Өзінді іздеп ем...».....	12
«Кеудесінде құндақталған намысы...».....	13
«Жүрегім төгіп тынды...».....	14

II ЖЕЛІ

«Хал қалпй, жатымдағы нәп-нәзік гүл?...».....	15
Алхоры қыз.....	16
«Күлкісін жайыл сыр бақтан...».....	17
Бақытты бол, адамзат!.....	18
Зом. Зом.....	19
Мистика.....	21
Бұл күнде.....	23
Келте.....	24
Шідер.....	25
Түйсінік.....	26

III ЖЕЛІ

Ақыржалған.....	27
«Жалқы жыр...».....	28




Күбір.....	29
Ұшақ қанатындағы ой (<i>экспромт</i>)	31
Сот	32
«Бәрінді де танып тұрмын...».....	33
«Бал күнім жақұт құсап...».....	34
«Қала жақ...».....	35
Алматы қазір.....	37
«Тәңірімнің нұры бекіп жанға нық...»	38

IV ЖЕЛІ

Өліара	41
1941–1945.....	42
Кәрі көктем	43
«Сүйемін» дейміз...».....	44
Шашылған шумақтардан.....	45
Қазбауыр	46
«Үйге келсем: қарт әкем — қоңыр тірлік...» ..	46
«Жылқытып жанарыммен жалғанды әрман...»..	47
Аманат	48
Нала	49

V ЖЕЛІ

Бағыштау.....	51
Қоңыз	52
«Асқардай ердің бірін арманға бекем...».....	53
Бір қайыру	54
Арзу	54



Боюу	56
Көш.....	57
Акындар рухына бағыштау	58
Үзік	59
Күйіну	60

VI ЖЕЛІ

Күй.....	61
«Сұрама қал-жайымды...»	61
«Өткіздік осылай қысты біз...»	62
«Ән салайын ба?»	63
Летаргия	63
«Е, менің қайран шешем қабірдегі...»	64
«Сезім гүлің бүр жарып қиналасың ау...»	65
«Ымыртта жамыласа жаның мұң...»	66
«Мені қашан жұбатады мына әлем...»	67
Ай.....	68

VII ЖЕЛІ

Мамырстан	69
«Ашқан көзің атқан таңың тәрізді-ақ...»	70
Мақтан.....	70
Нәубет (<i>аза</i>)	71
Қыз Жазық (<i>ретроспективна</i>)	77
Шырағдан	79
«Жанарынан жас тамып түннің дөңгелек...» ..	80



ҮІІІ ЖЕЛІ

- «Жарыгы жек жаңбырды түннен аур...» 81
- «Жылдар жайлап жылжыса да жандымнан...» 82
- «Ақзер аспан шұғыласын шашытты...» 83
- «Болашақты сөз еткенде от бірден...» 83
- «Барлығын да қойған дәм мүмкін ғыл...» 84
- «Қыр соңымнан қалмай қойған көзенқом...» 84
- «Мына көктем ұятылды хабарсыз...» 85
- «Қынырдығым асып түсті бәрінен...» 86
- «Әлдекімді қайта сүйші...» 88

Ерқаны КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

САҒЫНЫШБАСҚАН

Өлеңдер

Редакторы *Қанат Қайым*

Компьютерде беттеген *Римма Ставер*

Мұқабаның дизайнын жасаған *Айбек Кәдірұлы*

Басуға 00.10.2022 жыл қойылым. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылмас. Қаріп түрі «Times New Roman».
Шішімі 70×100%, Баспа табағы 6. Шартты баспа табағы 00.
Тірестізімі 3000 дана. Тіпестеріміс 00000.



ЖШС РІБК «Дәуір», 050009.

Алматы қаласы, Гагарин д-сы, 93а.

E-mail: priemni@dauir.kz, zakaz@dauir.kz.



ΔΘΥΠ